

университетімізде Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толуына арналған «Ата заңым - айбарым» атты мерекелік концерт өткізілді. Аталмыш іс-шараның асыл мұраты

Ата Заңымыздың тарихи маңызын айшықтап, патриотизмді насихаттау болды.

Мерекелік жиынның шымылдығын ректор Жанар Темірбекова ашып, құттықтауын жеткізді.

Мерекелік іс-шара барысында

университетіміздің бірқатар оқытушы-профессоры, ғалымдары мен қызметкерлері ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің «Құрмет» грамотасы және Алғыс хатымен, сондай-ақ «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Біздің кафедрамыздың белді оқытушысы Шадинова Гүлзира Абиласанқызына Министрдің марапатын ректор мен ректор өкілі салтанатты түрде табыстады.

Кафедра ұжымы атынан Шадинова Гүлзира Абиласанқызын марапатымен шын жүректен құттықтап, толағай табыс, шығармашылық шабыт тілейміз. Жетістіктер жалғасын таба берсін!

